

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігінің
2022 жылғы 27 қыркүйектегі
№836 бұйрығымен бекітілген

**«Ұлттық балаларды оңалту орталығы»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесі туралы ереже**

Нұр-Сұлтан, 2022 жыл

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы осы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына (бұдан әрі - Заң), «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жарғысына (бұдан әрі - Жарғы) сәйкес әзірленді.

2. Ереже «Ұлттық балаларды оңалту орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) Директорлар кеңесінің басқару органы ретіндегі қызметінің рәсімдерін нақтылайды, Директорлар кеңесінің мәртебесін, мақсатын, функцияларын, мүшелерінің өкілеттігін, сайлау тәртібін, Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын шақыру, өткізу, шешім қабылдау және оларды рәсімдеу тәртібін айқындайды.

3. Директорлар кеңесі - Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Қоғамның Жарғысында Қоғамның Жалғыз акционерінің (бұдан әрі – Жалғыз акционер) және Қоғам Басқармасының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын Қоғамның басқару органы.

4. Директорлар кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны, осы Ережені және Қоғамның ішкі құжаттарын басшылыққа алады.

2-тарау. Директорлар кеңесі қызметінің мақсаты

5. Директорлар кеңесі қызметінің мақсаты – Қоғамның қызметіне жалпы басшылық жасау, Қоғам мүддесінің іске асырылуын қамтамасыз ету, Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау, сондай-ақ Қоғамның Жалғыз акционері және басқа адамдар алдындағы міндеттемелерін түсіну және сақтау.

3-тарау. Директорлар кеңесінің құзыреті

6. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына және өзге де ішкі құжаттарына сәйкес Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға өкілетті.

Қоғамның Жарғысымен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешу үшін Қоғам Басқармасына берілмеуі керек.

7. Директорлар кеңесінің Жарғы бойынша Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешіміне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ.

8. Директорлар кеңесі:

1) ықтимал мүдделер қақтығысын, оның ішінде Қоғам меншігін заңсыз пайдалану және мүддесі бар мәмілелерді жасасуда өкілеттігін асыра пайдалану жағдайларын Қоғамның лауазымды тұлғалары деңгейінде қадағалап отырады және мүмкіндігінше жояды;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігіне бақылауды жүзеге асырады.

9. Директорлар кеңесі Қоғам Басқармасынан және Ішкі аудит қызметінен ақпаратты, түсініктемелер мен түсіндірме толық әрі уақытылы алуға құқылы.

4-тарау. Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау

10. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды Заңның 36-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің келісімі бойынша Жалғыз акционер кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделін және кәсіби тәжірибесін ескере отырып, айқын және ашық рәсімдер негізінде жүзеге асырады.

Бұл ретте, Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері ретінде кандидаттарды сайлау Жалғыз акционердің шешімі бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылуы мүмкін.

Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде олардың Қоғамның Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.

11. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) акционерлер-жеке тұлғалардың;

2) Директорлар кеңесіне акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсынылған) адамдардың;

3) Қоғамның акционері емес және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсынылмаған) жеке тұлғалардың қатарынан сайланады.

12. Директорлар кеңесінің мүшесі Заңға және (немесе) Жарғыға сәйкес өзіне жүктелген функциялардың орындауды өзге тұлғаларға беруге құқылы емес.

13. Басқарма төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды. Бұл ретте, Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

14. Директорлар кеңесінің мүшелері мен Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың өз міндеттерін орындау және Жалғыз акционер мен Қоғамның мүддесі үшін бүкіл Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, іскерлік және салалық ортадағы мінсіз беделі болуға тиіс.

15. Мынадай адамдар Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған;

3) бұрын акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болған. Көрсетілген талап акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады;

4) Меншікке қарсы, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдар қызметінің мүдделеріне қарсы қылмыстарды жасағаны үшін сот кінәлі деп таныған, сондай-ақ ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 63-бабы 4-тармағына сәйкес көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған адамдар.

16. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде 3 (үш) адамды құрауы тиіс. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде 30 (отыз) пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

Бұл ретте, Директорлар кеңесінің құрамына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің және Жалғыз акционердің өкілдері, Басқарма төрағасы лауазымы бойынша, тәуелсіз директорлар кіреді.

17. Директорлар кеңесінің барлық мүшелері өздерінің кәсіби білімдері мен дағдыларын ұдайы жетілдіруге, сондай-ақ осы Ереженің 1-қосымшасындағы нысан бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын қызметтік (күпия), коммерциялық және өзге де күпияларды жария етпеу туралы міндеттемелерге қол қоюға тиіс.

5-тарау. Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері

18. Тәуелсіз директорлар Қоғамда корпоративтік басқарудың озық стандарттарын, ақпараттық айқындықты енгізуге ықпал етеді және Қоғам қызметін дамыту стратегиясының негізгі бағыттарын айқындау мәселелерін талқылауға және шешім қабылдауға, Басқарма

қызметінің Қоғамның бекітілген стратегиялық даму бағыттарына сәйкестігін бағалауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің мүддесіне әсер етуі мүмкін басқа да маңызды мәселелер бойынша елеулі үлес қосуға тиіс.

19. Директорлар кеңесіне сайланғаннан кейін өзгеріс болса немесе тәуелсіз директор өз мәртебесін жоғалтатын жағдайлар туындаса, ол директор мұндай жағдай болған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы өзгерістер мен мән-жайларды көрсете отырып, Директорлар кеңесін хабардар етуге міндетті. Бұл жағдайда Директорлар кеңесі бұл туралы Жалғыз акционерге хабарлауға міндетті.

20. Тәуелсіз директор жеке ұстанымын қалыптастыру үшін жеткілікті кәсібилікке, тәжірибеге және дербестікке ие болуға тиіс, қоғамның атқарушы органының, акционерлердің жекелеген топтарының немесе өзге де мүдделі тараптардың ықпалынан тәуелсіз, объективті және адал пікірін білдіре алуы қажет.

21. Директорлар кеңесінің мүшесі мына жағдайларда тәуелсіз болып танылады:

1) осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғасы емес және директорлар кеңесіне сайлануға дейінгі үш жыл ішінде оның үлестес тұлғасы болмаған (осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директорлары қызметін атқарған жағдайларды қоспағанда);

2) осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестестігі бар тұлға емес; осы акционерлік қоғамның лауазымды адамдарына немесе осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғасы болып табылатын ұйымдардың лауазымды адамдарына бағынысты емес және директорлар кеңесіне сайлануға дейінгі үш жыл ішінде аталған тұлғаларға бағынысты болмаған.

3) мемлекеттік қызметші емес;

4) осы акционерлік қоғамның органдарының отырыстарында акционердің өкілі болып табылмайды және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде мұндай өкіл болмаған;

5) аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде осы акционерлік қоғамның аудитіне қатыспайды және Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде осындай аудитке қатыспаған.

Тәуелсіз директорлар мен Қоғам арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Ереженің талаптарын ескере отырып, шарт арқылы ресімделеді. Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Жалғыз акционердің шешімінде өзгеше көзделмесе, тәуелсіз директорлармен жасалатын шартқа Қоғам атынан Директорлар кеңесінің төрағасы қол қояды.

Егер Директорлар кеңесінің төрағасы тәуелсіз директорлардың ішінен сайланса, онда шартқа оның атынан Жалғыз акционердің өкілі қол қояды.

6-тарау. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі

22. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін осы Ереженің 25-тармағында белгіленген шектеулерді және Қоғамның корпоративтік басқару кодексі нормаларын ескере отырып, Жалғыз акционер белгілейді.

23. Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

24. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату оның Директорлар кеңесіне жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.

7-тарау. Директорлар кеңесінің төрағасы

25. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелері арасынан Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

Директорлар кеңесі кез келген уақытта Директорлар кеңесінің төрағасын қайта сайлауға құқылы.

26. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі жұмысын ұйымдастырады, Директорлар кеңесі отырыстарын шақырады, оларға төрағалық етеді, отырыстарда Жарғыда және осы Ережеде белгіленген тәртіппен хаттама жүргізуді ұйымдастырады.

27. Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

28. Директорлар кеңесінің төрағасы осы Ереженің 8-тарауында көрсетілген құқықтар мен міндеттерден басқа:

1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады және Қоғамның Директорлар кеңесінің өз функциясын тиімді орындауын, оның ішінде отырыстардың жүйелілігі мен жиілігін бақылайды;

2) Жалғыз акционерге жыл сайын Директорлар кеңесінің қызметі туралы ақпарат береді;

3) отырыстың күн тәртібін белгіленген тәртіппен дайындауды ұйымдастырады, оны Директорлар кеңесі бекітеді;

4) корпоративтік хатшымен бірлесіп, Директорлар кеңесі мүшелерінің дұрыс және анық ақпарат алуын қамтамасыз етеді;

5) ұсынылған құзырет шегінде өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

8-тарау. Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

29. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Директорлар кеңесі отырысын өткізуді талап етуге;

2) Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына күн тәртібіндегі мәселелер және қабылданатын шешімдер бойынша өзінің ерекше пікірін енгізуді талап етуге;

3) белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібіне мәселелер енгізуге;

4) Қоғамның қызметі туралы, оның ішінде Қоғамның қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпия ақпаратын алуға және онымен танысуға, Қоғамның барлық құжаттарымен танысуға;

5) Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарын қалыптастыру жөнінде жазбаша ұсыныс енгізуге;

6) Қоғамның Жарғысында және ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен қаралатын мәселелер бойынша өз пікірін білдіруге, ескерту жасауға, ұсыныс, ұсыным беруге;

7) Директорлар кеңесін жазбаша хабардар ету жолымен өз өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға;

8) Жалғыз акционер айқындаған тәртіпке сәйкес сыйақы алуға, сондай-ақ олардың Директорлар кеңесі мүшесі міндеттерін атқаруға байланысты шығындарының (шығыстарының) өтелуіне;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда, Кодексте және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарында көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

30. Директорлар кеңесі мүшелерінің:

1) Қоғамның мүлкін Жарғыға, Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы, сондай-ақ жеке мақсатта пайдалануға және пайдалануға жол беруге;

2) Директорлар кеңесінің отырысын дәлелді себептерсіз өткізуге;

3) өзінің дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, оның ішінде Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне беруге;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктері мен міндеттерін атқаруына байланысты белгілі болған қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де

құпияны құрайтын мәліметтерді мұндай ақпаратқа қолы жетпейтін адамдарға жария етуге, сондай-ақ оны өзінің немесе үшінші тұлғалардың мүддесі үшін осындай ақпаратқа егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше мерзім көзделмесе, Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындау кезеңінде, сондай-ақ Қоғамдағы жұмысы тоқтатылған сәттен бастап 3 (үш) жыл ішінде жариялауға;

5) Қоғам туралы шектеулі ақпаратты жеке мақсатта пайдалануға **құқығы жоқ**.

31. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда, корпоративтік басқару кодексінде және директорлар кеңесі туралы ережеде қамтылған жалғыз акционердің және тұтастай қоғамның мүддесі үшін іскерлік әдеп талаптарын, адамгершілік қағидаттары мен қағидаларын сақтай отырып, адал, ақылға қонымды және әділ әрекет етуге;

2) егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзге мерзім көзделмесе, Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындау кезеңінде, сондай-ақ қоғамдағы жұмыс тоқтатылған кезден бастап 3 (үш) жыл ішінде қызметтік, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтердің сақталуын қамтамасыз етуге;

3) Директорлар кеңесінің отырыстарына және Директорлар кеңесінің өздері мүше болып жүрген комитеттерінің жұмысына қатысуға;

4) Өзінің болмау себептерін көрсете отырып, Қоғамның Директорлар кеңесі отырысына қатыса алмайтыны туралы Директорлар кеңесінің төрағасына, сондай-ақ өзі құрамына кіретін Директорлар кеңесі комитетінің төрағасына алдын ала хабарлауға;

5) өзі, Қоғам және Жалғыз акционер арасында мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соғатын немесе әкеп соғуы мүмкін әрекеттерден аулақ болуға, ал мұндай жанжал болған немесе туындаған жағдайда бұл туралы Директорлар кеңесінің төрағасына дереу жазбаша түрде хабарлауға;

6) Директорлар кеңесімен оларды басқа акционерлік қоғамның органдарына сайлау немесе басқа ұйымға жұмысқа қабылдау мүмкіндігін келісуге;

7) тәуелсіз директор мәртебесіне әсер ететін жағдайлар болса, 2 (екі) жұмыс күні ішінде Директорлар кеңесіне мән-жайлардың өзгергені туралы хабарлауға;

8) өзі құрамына кіретін Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына тиісті түрде дайындалуға, атап айтқанда: материалдармен алдын ала танысуға, қажетті ақпаратты жинауға және талдауға, өзінің қорытындыларын, ескертулері мен ұсыныстарын, қорытындыларын мен тұжырымдарын дайындауға;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның жарғысына сәйкес Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдерді өз құзыреті шеңберінде жазбаша нысанда орындауға міндетті;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғам Жарғысына, Кодекске және Қоғамның басқа да ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді, функциялар мен міндеттерді орындауға **міндетті**.

9-тарау. Директорлар кеңесі отырысын шақыру

32. Корпоративтік хатшы күн тәртібін қалыптастырады, Директорлар кеңесінің мүшелерін және отырысқа қатысушыларды хабардар етеді, сондай-ақ оларды қажетті материалдармен қамтамасыз етеді.

33. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша немесе:

- 1) Жалғыз акционердің;
- 2) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 3) Ішкі аудит қызметінің;

4) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

34. Директорлар кеңесі отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесі төрағасына Директорлар кеңесінің отырысына ұсынылған күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жолдау арқылы қойылады.

35. Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан немесе өзге де себептермен оны шақыру мүмкін болмаған жағдайда, бастамашы аталған талаппен Қоғамның Басқармасына жүгінуге құқылы, ал Басқарма Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Басқарма Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысы аталған талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

36. Директорлар кеңесінің отырысына арналған материалдар мыналарды қамтиды:

1) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға бастама көтерген адамның қолы қойылған отырыстың күн тәртібі;

2) осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша күн тәртібіндегі әрбір қаралатын мәселе бойынша түсіндірме жазба;

3) қаралуы жоспарланып отырған құжаттың жобасы және қаралатын мәселеге қатысты Қоғамның мүдделі құрылымдық бөлімшелерімен олардың құзыреті шегінде келісілген өзге де материалдар;

4) мәселелерді алдын ала қараған Басқарманың, Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің және (немесе) Қоғамның өзге де алқалы органдарының шешімдерінің көшірмелері (болған жағдайда);

5) Директорлар кеңесінің сырттай отырысының бюллетені, сырттай отырыс өткізілген жағдайда;

6) күн тәртібіндегі мәселелерді қарау және талдау үшін қажетті өзге де құжаттар (презентациялар, есептеулер, комитеттердің және Қоғамның өзге де алқалы органдарының тиісті мәселелер бойынша шешімдерінің көшірмелері), сондай-ақ көрсетілген мәселелерді күн тәртібіне енгізуді негіздейтін анықтамалық материалдар (болған жағдайда).

37. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесі отырысына қатыса алмайтыны туралы Директорлар кеңесінің төрағасына және Басқармаға алдын ала хабарлайды.

38. Директорлар кеңесінің бір отырысының күн тәртібіне енгізуге ұсынылатын мәселелердің саны 7-ден (жеті) аспауға тиіс.

39. Директорлар кеңесінің отырысы туралы хабарламалар және отырыс материалдарының көшірмелері Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс жоспарланған күнінен кемінде 7 (жеті) күнтізбелік күн бұрын қағаз жеткізгіште немесе электрондық (PDF форматында сканерленген) түрде ресми түрде және электрондық пошта арқылы жіберілуге тиіс.

10-тарау. Директорлар кеңесінің отырысы

40. Белгіленген тәртіппен бекітілген Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешімдері мынадай тәсілдермен қабылданады:

1) бетпе-бет дауыс беру, оның ішінде конференцбайланыс арқылы;

2) сырттай дауыс беру арқылы;

3) дауыс берудің екі түрінің (аралас дауыс беру) тіркесімі арқылы жүзеге асырылады.

Дауыс берудің мұндай нысаны Директорлар кеңесі мүшесінің Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырысына жеке өзі қатысуға мүмкіндігі болмаған және өз пікірін жазбаша нысанда ұсынған жағдайда қолданылады.

41. Директорлар кеңесінің отырыстары осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Директорлар кеңесінің отырысында бекітілген тиісті күнтізбелік жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты, бірақ жылына кемінде 4 (төрт) рет өткізіледі. Қажет болған жағдайда Директорлар кеңесі жұмыс жоспарына енгізілмеген мәселелерді қарайды.

42. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған Кворум Қоғамның Директорлар кеңесінің сайланған мүшелері санының кемінде жартысын құрайды.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны осы тармақта айқындалған кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) туралы мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығаруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері мұндай мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығару туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

43. Директорлар кеңесінің отырысын күндізгі тәртіпте, оның ішінде бейнеконференцбайланыс арқылы өткізу кезінде кворум Қоғамның Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшелері ескеріле отырып, олардың жазбаша түрде білдірілген дауыстары (аралас дауыс беру) болған кезде айқындалуы мүмкін.

44. Күндізгі тәртіпте өткізілетін отырыста болмаған Директорлар кеңесінің мүшесі осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жазбаша пікір беруге құқылы.

45. Директорлар кеңесі мүшесінің жазбаша пікірі Директорлар кеңесінің төрағасына пошта арқылы тапсырыс хатпен, курьермен жіберілуі, Директорлар кеңесінің отырысы өткізілгенге дейін Корпоративтік хатшыға жеке немесе өкіл арқылы тапсырылуы, сондай-ақ PDF форматындағы электрондық поштаға жіберілуі мүмкін.

46. Директорлар кеңесінің мүшесі ұсынған жазбаша пікірі кворумды және дауыс беру нәтижесін санаған кезде ескеріледі және Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына қоса тігіледі.

47. Егер бұрын жазбаша пікір білдірген Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің отырысына қатысу және дауыс беру үшін келген болса, оның жазбаша пікірі ескерілмейді.

48. Директорлар кеңесі мүшелерінің нақты саны кворумға жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау (тағайындау) мәселесін енгізуге міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері мұндай мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығару туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

49. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауысы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің отырысында төрағалық ететін адамның дауысы шешуші болады.

50. Қоғамның Директорлар кеңесі өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, оған Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

51. Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша шешімдерді Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдай алады.

52. Сырттай дауыс беру Қоғамның директорлар кеңесін шақыруға бастамашылық жасауға құқығы бар адамдардың бастамасы бойынша өткізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы талап Директорлар кеңесінің төрағасына жазбаша нысанда ұсынылады және дауыс беруге қойылған нақты және біржақты тұжырымдалған мәселелерді қамтиды.

53. Директорлар кеңесінің кем дегенде бір мүшесінің мәселені сырттай отырыста қарауға қарсылығы болған жағдайда, мәселе Директорлар кеңесінің кезекті күндізгі отырысының күн тәртібіне енгізіледі.

54. Сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдау кезінде Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды. Директорлар кеңесінің сырттай отырыстың күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

55. Қоғамның Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімдері осы Ереженің 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінен келіп түскен бюллетеньдерді қоса бере отырып, осы Ереженің 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

56. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімдеріне Директорлар кеңесінің төрағасы және корпоративтік хатшы қол қояды.

57. Директорлар кеңесінің сырттай отырысы шешімінің көшірмесі Директорлар кеңесінің сырттай отырысы шешіміне қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірілмей осы шешім шығарылған бюллетеньдердің көшірмелерін қоса бере отырып, Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс.

58. Директорлар кеңесінің күндізгі отырысы ашылған кезде Директорлар кеңесінің төрағасы отырыстың күн тәртібін жария етеді және күн тәртібін өзгерту жөнінде алған ұсыныстары туралы баяндауға міндетті.

59. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысы оларды енгізуге дауыс берсе, күндізгі отырыстың күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.

60. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібін бекіту Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен жүзеге асырылады.

61. Директорлар кеңесі мүшесінің Директорлар кеңесі қабылдайтын шешіммен толық немесе ішінара келіспеген жағдайда, ол өзінің келіспеушілігін Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі отырысының хаттамасында тіркейтін дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша ерекше пікір түрінде баяндауға құқылы.

62. Ерекше жағдайларда Қоғамның Директорлар кеңесі отырысының екі нысаны да біріктірілуі мүмкін. Бұл Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше мүшесінің (30% - дан аспайтын) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына жеке қатысуға мүмкіндігі болмайтын жағдайға қатысты. Бұл ретте Директорлар кеңесінің жоқ мүшесі техникалық байланыс құралдарын пайдалана отырып, қаралатын мәселелерді талқылауға қатыса алады.

63. Қоғамның Директорлар кеңесінің күндізгі тәртіпте өткізілген отырысында қабылданған шешімдері осы Ереженің 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді, оған Директорлар кеңесінің төрағасы не отырысқа төрағалық еткен адам және корпоративтік хатшы өткізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қол қояды.

Директорлар кеңесінің аралас дауыс беру жолымен қабылданған шешімдері осы Ереженің 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді, Директорлар кеңесі мүшелерінің қайсысы бейне байланыс құралдары арқылы қатысқаны көрсетіледі.

64. Корпоративтік хатшы хаттаманың (шешімнің) дұрыс жасалуына жауапты.

65. Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарының материалдарын қоса алғанда, Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары корпоративтік хатшыда сақталады және олар қабылданған кезден бастап 2 (екі) жыл аяқталғаннан кейін белгіленген тәртіппен Қоғам мұрағатына беріледі. Корпоративтік хатшы мұндай құжаттардың Қоғам мұрағатына берілгенге дейін сақталуына жауапты.

66. Қоғамның корпоративтік хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған танысу үшін 10-қосымшаға сәйкес хаттаманың (шешімнің) немесе хаттамадан (шешімнен) үзінді көшірмені және бекітілген не қаралған материалдарды әр парағына өзінің қолын қойып, Қоғамның мөрімен куәландыра отырып ұсынуға міндетті.

67. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Директорлар кеңесі Заңда, Жарғыда және осы Ережеде белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.

11-тарау. Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын бақылау

68. Директорлар кеңесі өз шешімдерінің орындалуын Басқарманың, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Ішкі аудит қызметінің, Корпоративтік хатшының Директорлар кеңесі

шешімдерін орындау және (немесе) орындалу барысы туралы Директорлар кеңесі отырысында ұсынатын есептерін қарау арқылы бақылайды.

69. Корпоративтік хатшы қабылданған шешімдер мен тиісті тапсырмаларды осы Ереженің 10-қосымшасына сәйкес Хаттаманың немесе Директорлар кеңесі шешімінің үзіндісін ұсына отырып, Басқарма және Ішкі аудит қызметінің назарына жеткізеді және Директорлар кеңесіне Директорлар кеңесі шешімдерін орындау мерзімдері (бар болған жағдайда) туралы ақпарат береді.

12-тарау. Директорлар кеңесінің комитеттері

70. Өте маңызды мәселелерді қарау және Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу үшін Қоғамда Директорлар кеңесі жанынан мына комитеттер құрылуы мүмкін:

- 1) стратегиялық жоспарлау;
- 2) кадр және сыйақы төлеу;
- 3) ішкі аудит;
- 4) әлеуметтік мәселелер;
- 5) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер.

Директорлар кеңесінің жеке комитеті қарайтын ішкі аудит мәселесін қоспағанда, осы тармақта санамаланған мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзыретіне жатуы мүмкін.

71. Комитеттер Директорлар кеңесіне функциясын тиімді орындауға жәрдемдесу мақсатында құрылады.

Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесі мүшелерінен және Қоғамның нақты комитетте жұмыс істеуге қажетті кәсіби білімі бар қызметкерлері қатарынан қосылған сарапшылардан тұрады. Комитеттер құрамын қалыптастыру кезінде ықтимал мүдделер қақтығысының болуы ескерілуі керек. Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Функциясына осы Ереженің 70-тармағының 1) - 4) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарау кіретін Директорлар кеңесі комитеттерінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады.

